


Тоқ ішек пен жіңішке ішек айырмашылығы



Тоқ ішек, *intestinum crassum*

- Тоқ ішек, *intestinum crassum*, асқорыту жүйесінің соңғы бөлігі. Мұнда, асқорыту процесі аяқталып, нәжіске айналдырылып, тік ішектің анальді тесігіне қарай бағытталады. Тоқ ішек іш қуысы мен жамбас астау қуысының аралығында орналасқан

Тоқ ішектің ерекшеліктері

- Тоқ ішектің көлемі, жіңішке ішектің көлеміне қарағанда жуандау.
- Тоқ ішектің сыртқы бетінде, бұлшықеттік қабығының жинақталып орналасу нәтижесінде түзілген үш таспасы, *teniae coli*, орналасқан.

- а) шажырқайлық таспа, *tenia mesocolica*, ол тоқ ішектің көлденең жиек ішегі мен сигма тәрізді жиек ішектің шажырқайларының, *mesocolon*, бекитін жерлеріне сәйкес орналасқан.
- ә) шарбалық таспа, *tenia omentalis*, таспа үлкен шарбының, *omentum majus*, бекитін жері болып саналғандықтан, шарбалық таспа деп аталады. Ол тоқ ішектің жоғарылаған, төмендеген және көлденең жиек ішектерінің алдыңғы бетінде орналасқан.
- б) бос таспа, *tenia libera*, ол тоқ ішектің соққыр ішек пен жоғарылаған жиек ішектің алдыңғы бетінен өтеді және тоқ ішектің көлденең жиек ішектің өз білігі айналасында бұрылуына байланысты артқы бетке өтеді.

- Топографиялық орналасуына және атқаратын қызметіне қарай тоқ ішек: соқыр ішекке және оның құрттәрізді өсіндісіне, жоғарылаған, көлденең, төмендеген, сигматәрізді жиек ішектерге және тік ішекке бөлінеді.

- Соқыр ішек, caecum, тоқ ішектің бастапқы кеңейген бөлігі. Ол оң мыңқын шұңқыры, fossa iliaca dextra, мен оң мыңқын сүйегі қырының, crista iliaca dextra, аралығында орналасқан. Алдыңғы беті іштің алдыңғы қабырғасымен; артқы қабырғасы оң мыңқын шұңқырымен және үлкен бел бұлшықетімен, m. psoas major, шектеседі.
- Құрттәрізді өсіндінің, appendix vermiformis, орналасу орны: біріншіден өсіндінің ұзындығына байланысты, екіншіден топографиялық орналасуына тәуелді.

- Тоқ ішектің жоғарылаған жиек ішегі, *colon ascendens*, соқыр ішектің тікелей жалғасы. Ұзындығы 15-20 см. Топографиясы: оң мықын сүйегі қырының, *crista iliaca dextra*, тұсында және соқыр ішектен басталып, бауырдың оң үлесінің тұсында жиекішектің оң иілімін, *flexura coli dextra*, құрап, тоқ ішектің көлденең жиек ішегіне, *colon transversum*, жалғасады.
- Тоқ ішектің көлденең жиек ішегі, *colon transversum*, тоқ ішектің жоғарылаған жиек ішектің тікелей жалғасы. Тоқ ішектің көлденең жиек ішегі, тоқ ішектің оң иілімі мен сол иілімінің аралығында көлденең бағытта, дөңес жағы томен қарай иіліп орналасқан.

- Тоқ ішектің төмендеген жиек ішегі, *colon descendens*, жиек ішектің сол иілімінен, *flexura coli sinistra*, басталып, сол мықын сүйегі шұнқырының тұсында тоқ ішектің «сигматәрізді» бөлігіне жалғасады. Тоқ ішектің сигматәрізді жиек ішегі, *colon sigmoideum*, тоқ ішектің төмендеген жиек ішегінің тікелей жалғасы.

Тік ішек

- Тік ішек, *rectum*, ас қорыту жүйесінің соңғы бөлігі. Сыртқы пішіні жағынан тоқ ішектен бұрын, аш ішек-ке ұқсас болып келуі, қабырғаларының бойында бойлық қабатының біркелкі орналасуына байланысты, таспалары, *tenia coli*, және кампаймалары, *haustreae coli*, жоқ. Жамбас қуысының мүйісі, *promontorium*, мен тік ішектің артқы өтісінің, *anus*, аралығында орналасқан.

Тік ішек қабырғаларының

құрылысы:

- Тік ішекқабырғалары: шырышты, шыры-шасты, бұлшықеттік және сірлі қабықтардан тұрады.
- Тік ішектің шырышты қабығы, tunica mucosa, жылтыр, бүрлеріжоқ, шырышты бездер мен дараланған лимфа түйіншелеріне өте бай.
- Шырышасты негіздің, tela submucosa, құрамы аралығында қантамырлар мен лимфа тамырлары, нервтер орналасқан іркілденген дәнекер тіндерден құралған. Шырышасты негіздің жақсы дамуына байланысты шы-рышты қабықтың бетінде бойлық және көлденең қатпарларды құрайды

- а) тік ішектің бойлық қатпарлары, *plicae longttudinales*. Тік ішектің артқы өтіс өзегі, *canalis anales*, тұрақты 8-10 қатпарлардан немесе артқы өтіс бағаналарынан, *columnae anales*, тұрады.
- ә) тік ішектің көлденең қатпарлары, *plicae transversales recti*, ол тік ішектің өту жолы шеңберінің $1/3$ бөлігін құрайды. Артқы өтіс қойнауларының, *sinus anales*, төменгі бөлігінде, шырышты қабығы мен шырышасты негізі дөңгелек артқы өтіс жапқыштарын, *valvulae anales*, құрайды. Ол жоғарыда бойлық артқы өтіс бағаналармен, *columnae anales*, жалғасқан. Артқы өтіс жапқыштарының терең қабаты тік ішектік гемморойдалық веналық өрімдерден, *plexus haemorrhoidalis*, тұрады. Бұл аймақты гемморойдалық аймақ деп, қабынуын гемморой деп атайды.

- Тік ішектің бұлшықеттік қабығы, *tunica muscularis*, бірыңғай салалы ішкі көлденең, сыртқы бойлық еттік қабаттан тұрады:
- а) сыртқы бойлық қабаты, *stratum longitudinale*, біркелкі орналасып, төменде артқы өтісті көтеруші бұлшықетке, *m.levator ani*, жалғасады.
- ә) ішкі көлденең қабаты, *stratum transversalis seu circulare*, тік ішектің артқы өтіс тесігінің еріксіз ішкі қысқыш бұлшықетін, *t. sphincter ani internus*, құрайды. Артқы өтіс тесігінің сыртқы қысқыш бұлшықеті, *t. sphincter ani externus*, артқы өтіс тесігінің ішкі қысқыш бұлшықеті мен терінің аралығында орналасқан.

Тік ішектің топографиясы

- Тік ішек, rectum, кіші жамбас қуысының ішінде, сегізкөз мүйісі мен, promontorium, құйымшақтың аралығында орналасқан. Артқы беті сегізкөздің алдыңғы бетімен; алдыңғы беті ер адамдарда несепқуықпен, vesica urinaria, қуықасты безбен, glandula prostata, шәует қуықшасымен, vesicula seminalis; әйел адамдарда жатырмен, uterus, және қынаппен vagina шектеседі.